

ақпаратты, ұйым мүдделеріне байланысты құпия ақпаратты ашады, яғни ұйымнан өз құзыретіне пайдалану үшін.

2. Мүдделер қақтығысының ашылуының тәртібі:

- 2.1. Жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы мәліметтерді бастапқы ашу.
- 2.2. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын жыл сайын ашуы колледж комплаенс қызметі жыл сайынға негізде жүргізетін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары аймақтағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Комплаенс қызметтің сұрау салуы бойынша мүдделер қақтығысы декларациясын толтырады. Толтырылған декларацияны комплаенс қызмет ықтимал мүдделер қақтығысының болуы/болмауы және тиісті ұсынымдарды дайындау тұрғысынан талдайды.
- 2.3. Лауазымды адамдардың және қызметкерлердің тікелей немесе іқтимал мүдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді жасыру немесе уақытылы, толық ашпау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері болып табылады.

Кеңесте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комплаенс қызметінің мүшесі Д.Коданов мүдделер қақтығысының алдын алу, болдырмауға келесідей баяндады:

1) жұмысқа қабылдау, лауазымын жоғарылату немесе лауазымдық міндеттерін өзгерту кезінде - тікелей басшымен не байланысты функцияларды орындайтын адаммен тікелей туыстық қатынастағы қызметкерлерді лауазымдарға тағайындаудан аулақ болуға тиіс;

2) сатып алу рәсімдерін жүргізу және олармен шарттық қатынастарды ресімдеу кезеңдерінде контрагенттерін тексеру кезінде лауазымды адамдармен және қызметкерлермен, олардың жақын туыстарымен, жұбайларымен, сондай-ақ жекжаттарымен үлестес болу белгілерінің болуы тұрғысынан олардың құрылтайшылары мен басшыларының құрамын зерделеуді жүзеге асыруға міндетті;

3) лауазымды адамдар мен қызметкерлердің, оның ішінде өзінің қызмет бабын заңсыз пайдалану нәтижесінде материалдық пайда түрінде қосымша табыс алатын қызметкерлердің құқыққа қайшы жосықсыз немесе құзыретсіз қызметін анықтауға және жолын кесуге бағытталған алдын алу-профилактикалық іс-шаралар мен қызметтік тексерулер жүргізуге міндетті;

5) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге осы Саясаттың ережелерін жеткізуге бағытталған тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетті;

6) аффилирленген тұлғалар, инсайдерлер туралы ақпараттың есебін жүргізуге міндетті;

7) құпия ақпараттың, сондай-ақ лауазымды адамдар мен қызметкерлердің дербес деректерінің сақталуын камтамасыз етуге барлық қызметкерлер міндетті.

Директор Н.Туйтебаева аталған мәселе бойынша өз сөзінде – лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысының туындауын болғызбау жөніндегі міндеттер, қарау және реттеу тәртібі, шаралар және жауапкершілігі бойынша атап өтті.

Кеңеске қатысқан педагогтарға мүдделер қақтығысы бойынша лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер осы саясаттың орындалуына жауапты болатыны, егер мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу жөніндегі жұмыста Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ осы Саясаттың қоғамға залал келтіруге әкеп соққан талаптарының бұзылуына жол берілген жағдайда, мұндай бұзушылыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

Қорытынды ережелер:

Осы саясатқа өзгерістер мен толықтырулар басшылық шешімі бойынша енгізіледі.


Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Кәсіпорын Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, осы Саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын немесе Кәсіпорын Жарғысын басшылыққа алу қажет.

Мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы хабарлама қызметкерлерге таныстырылды.



Ақпарат екі тілде (*мемлекеттік тіл, орыс тілі*) дайындалып, zhanatas-jkk.edu.kz сайтына салынды.

Комплаенс офицер А.Байтанова.

4.04.2025 жыл



Комплаенс мүшелері:

Г.Айнекова 
А.Тойшибаева 
Г.Есжанова 
С.Нурманова 

Ақпарат

Жамбыл облысының білім басқармасы «Жанатас көпсалалы колледжі» МКҚК – да 2025 жылдың 4 сәуір айында жоспарлы педагогикалық кеңес өткізілді.

Кеңес барысында, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабынаң 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агентігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасының 2023 жылғы 31 наурызда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережені» басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірінғай тәсілін қалыптастыру мақсатында Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыратын Ереже талқыланды.

Сонымен қатар, колледж қызметкерлер арасында қағаз жүзінде өткізілген сауалнама бойынша қорытынды жүргізіліп, қызметкерлерден алынған сауалнама нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқандығы айтылып, әрі - қарай жемқорлықтың алдын алу мақсатында комплаенс қызметінің офицері А.Байтанова «Мүдделер қақатығысын басқарудың негізгі принциптерін және қақтығысы жағдайлары, болдырмау, реттеу жөніндегі саясат» туралы баяндама оқыды.

Мүдделер қақтығысы — бұл адамның жеке мүддесін оның лауазымдық (қызметтік міндеттерін) міндетті түрде орындамауына ықпал етуі мүмкін жағдай. Бұл жағдай азаматтардың, қоғам мен мемлекет ұйымдарының құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкіндігі бар.

Баяндамада:

1. Жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттары үшін мүдделер қақтығысына әкелетін жағдайлар:
 - 1.1. Лауазымды адам немесе қызметкер өздерінің жақын туыстарды, оның ішінде жұбайы, жақын жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқарады.
 - 1.2. Лауазымды адам, қызметкер, жақын туысы, жұбайы атақарып жатқан мекеменің директоры немесе жұмыскері де мүдделер қақатығысына әкеледі.
 - 1.3. Лауазымды адам немесе қызметкер өз міндеттерін/лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты немесе ашылуы ұйым мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін, кез келген басқа да